ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

# АБАЙ БОЛЫҢЫЗ – ТҮЙНЕМЕ!

**Түйнеме** – терінің сыртқы қабатын зақымдаумен сипатталатын аса қауіпті инфекция.

Адам үшін түйнемені жұқтыру көзі – ауыл шаруашылық малдары (ірі және ұсақ мүйізді малдар, жылқылар, түйелер, қойлар, ешкілер, шошқалар).



## ТҮЙНЕМЕНІҢ ТҮРЛЕРІ

**Аталған аурудың үш түрі бар:**
**- өкпелік түрі;**
**- ішектік түрі;**
**- тері бубондық түрі.**

## ТҮЙНЕМЕНІ ЖҰҚТЫРУ ҚАУПІ

Ауру жұқтырған жануарлармен және залалданған заттармен жұмыс істегенде – қолдың жарылған жерлері мен жарақаттар арқылы. Термиялық түрде жеткіліксіз өңделген, зарарланған ет пен суды тағамда қолданғанда. Залалданған ауамен дем алған кезде ауа тамшылары арқылы. Инфекция қоздырғышы суда болуы мүмкін, сондай-ақ, жүз жылға дейін топырақта сақтала береді.

## АУРУ БЕЛГІЛЕРІ

• **Тері бубондық формасы** - инфекция түскенде терісі қышып, ірінді дақ пайда болады. Содан кейін дақ қабыршыққа айналып, 2-6 күннен кейін қара қабыршықпен жабылған уытты ойық жара болады, дене қызуы көтеріліп, басы ауырып, денесі қақсайды.

• **Ішектік формасы** - қатты іш ауырады, құсу және қан араласқан сұйық дәретпен сипатталады.

• **Өкпелік формасы** - дене қызуы көтеріліп, адам қатты қалтырайды, мол қақырық бөлінеді. 3-5 күннен кейін жедел өкпе тапшылығы пайда болып, естен тану мен өлім жағдайына әкеледі.

## АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ:

1. Үй жануарларының күтімі кезінде жеке қорғаныс құралдарымен қолдану (рәзеңке қолғаптар, плащтар және т.б.);
2. Түйнемеге қарсы үй жануарларына профилактикалық вакцинация жасау;
3. Ауылшаруашылық жануарларын сату және сою кезінде санитарлық ережелерді сақтау;
4. Жануарларды алдын ала ветеринарлық тексеруден кейін сою;
5. Ет пен басқа да жануарлардың өнімдерін тек ветеринарлық куәландырудан кейін сату;
6. Кездейсоқ тұлғалардан ет пен сүт өнімдерін сатып алмау;
7. Түйнеме індетіне қарсы қасапшылар, ет және ет өнімдерін жинау, сақтау, тасымалдау, өңдеу және сатумен айналысатын тұлғалар, сонымен қатар түйнеме індетінің қолайсыз аумақтарында жұмыс істейтіндер алдын алу екпелерді алуы қажет.



**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР! БҰЛ ІНДЕТ ӨТЕ ҚАУІПТІ!**

Жамбыл облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері
Қ.Ж.Қазанғаповтың редакциялауымен дайындалды
Құрастырған: Г.Мирзабекова, К. Рахимов, А.Қалматаев, М.Джумабаев.

*"Жамбыл Press Service"* ЖШС-де басылды. №2831-6000.